

*Исмагулова Нургүл Сайдулла кызы*

## РУХАНИ МҰРАНЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ - ЗАМАНА ТАЛАБЫ

*Исмагулова Нургүл Сайдулла кызы*

### ПЕРЕОЦЕНКА ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ- ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

*Бұл мақалада автор кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті өкілдерінің, атап айтсақ, қазақтың классик жазушысы С.Мұқановтың шығармашылық жолын тәуелсіз дүниетаным тұрғысынан қайта бағдарлап, бағалау қажеттігі туралы сөз етеді.*

*В данной статье автор поднимает проблему необходимости переоценки творческого пути представителей казахской советской литературы, в том числе казахского классика С.Муканова с позиции независимого мировоззрения.*

Қоғам жаңарып, уақыт өзгеріп, ел азаттыққа жетіп, дәуір кезеңі ғасырлар тоғысына түйіскенде ел тарихы да, әдебиет тарихы да қайта жазылып, жаңғырып жатқаны жасырын емес.

Әрбір ірі жазушының шығармашылығы –көркемдіктің, жан-дүниенің және адамтану тәжірибесінің құнды қоймасы, сондықтан да қаламгерлердің шығармашылық өмірбаянын зерттеп-тану ісі-осы тәжірибенің біртіндеп дамуы үшін зор маңызға ие. Көркем әдебиет рухани танымдағы шағын әлем десек, осы әлемді зерттей отырып, адам зердесі кемелденеді, тарихты және өзі өмір сүріп отырған қазіргі дүниені кеңінен және тереңнен түсінуге қабілеті артады. Өткен дәуірдің ұғы оқиғалары қазіргі өмірдің көзге көрінбейтін өзектерімен сабақтасып отырады. Көркем мұрада халықтың тарихы мен танымы бейнеленеді. Сондықтан да ол халықтың рухани және эмоционалды баюының таусылмас қайнар көзі болып табылады.

Еліміз қайшылықты даму барысында тәуелсіздік алып, дербестікке, ең бастысы, сөз бостандығына ие болғаннан бері қоғамның саяси-мәдени салаларына елеулі жаңалықтар еніп, дүниетақымымыз өзгеше сипатқа ие болуда. Олай болса, қай халықтың болмасын ұлттық болмысын сақтап қалу жолындағы аса құнды құралдың бірі болып табылатын рухани мұрамызды тәуелсіз ел дүниетанымы тұрғысынан қайта бағдарлап-бағалау жұмыстары -замана талабынан туындап отырған жай және бұл шын мәніндегі құптарлық құбылыс.

Сәбит Мұқанов жаңа ғасырмен, жаңалығы өте мол, қайшылығы да шексіз зор, жаңғырығы әлі де құлақтан кетпеген, дүниені дүр сілкіндірген жиырмасыншы ғасырмен бірге дүниеге келді.

Ол кез жиырмасыншы ғасырдың басы болса, біз, міне, ол ғасырды артқа тастап, үшінші мың жылдық тарихының жаңа беттерін жазып, ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз.

Сәбит Мұқанов - өз дәуірінің перзенті, өзі де қазақ әдебиетіндегі бір үлкен дәуір бола алған алып тұлға, зор тұлға, қарымды қаламгер, елім деп еңіреген азамат ақын, заманның жаршысы болған жазушы.

Сәбит Мұқанов 70 жыл бойы үстемдік құрған кеңестік дәуірдің алғашқы адымдарын да, зорайған, күшейген кездерін де көзімен көрді, Қазақстандағы қоғамдық күреске де, әдеби-мәдени өмірге де ұзақ жылдар бойы араласты!. Жаңа өмірге, бақытты өмірге қол жеткіземіз деп ұрандаған қоғамдық күштерге

араласып, социалистік идеяларға үн қосып, солардан туған елінің мүддесіне, халық кәдесіне жарайтын жақсылық табуға ұмтылып, табиғат берген ғажайып суреткерлік дарынын сыртқа жұмсап, аянбай еңбек етті. Елдің жаңалыққа ұмтылғанын да, ғылым-білімге қанша адамдардың қолы жеткенін де - бір сөзбен айтқанда, социалистік құрылыстың жетістіктерін де, мыңдаған адамдардың аштықтан қырылғанын, айдалғанын, атылғанын да көрді. Сталиннің жеке басына табыну кезіндегі халық жаулары атанып, сұрапыл репрессияның құрбаны болған мыңдаған, миллиондаған адамдардың жазықсыз жазаланғаны анықталғанын да көрді. Бірақ алаш ардагерлерінің, алаш партиясы көсемдерінің ресми түрде ақталғанын көрген жоқ. Қызыл империяның құлағанын, бір кезде арман болған социалистік идеялардың, арман-мұраттардың тарихи сыннан, уақыт сынынан өте алмай, күрғақ қиялға айналғанын көрген жоқ, миллиондаған адамдардың аққан терімен, бітпес қоғамдық күресте айтқанға көнген, айдауға жүрген халықтың жазықсыз төгілген адал қанымен, суыққа тоңған, ыстыққа күйген жанымен, күш-қуатымен орнатылған қоғамдық құрылыстың қирағанын көрген жоқ. Сондықтан жас кезіндегі, жалынды шағындағы үміті толық ақталмағанын сезген кездері болса да, сол дәуірден түгелдей түңілдірген, жабулы жатқан жайларды көрген жоқ. Әрине, Сәбит Мұқанов елінің егемендік алғанын көре алған болса, ешкімнен кем қуанбас еді. Өйткені ол ұлт азаттығын, ұлт тәуелсіздігін аңсаған нағыз патриот болатын. Азаттықты, еркіндікті, бір жақсылықты Сәбит Мұқанов өз заманынан іздеді. Алғаш әдебиет майданына ту көтеріп шыққан кезінде, арман қуған шағында жалынды ақын ұраншыл да болды. Тапшылдық идея жокшылықтан жапа шеккен, элеуметтік теңсіздікті аңсаған қарапайым еңбек адамдарының байларға деген ашу-кегін ашық білдіруге, теңдікке жетуге ұмтылуына жол ашқаны рас- Бірақ халықты тапқа, антагонистік топқа бөлудің астарында бүтін елді екіге бөліп, бірін-біріне қарсы қою мақсаты жатқанын Сәбит Мұқанов жасырақ кезінде бірден түсінбесе де, бара-бара, қоғамдық күрестің қайшылықтарын аңғара келе сезбеді, білмеді деуге болмайды. Өйткені, қазақ қоғамының тапқа бөлінуі жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің арасында да бітпес күрес, талас-тартыс туғызды, жікшілдікті қоздырды. Тоталитарлық режимнің катал қысымы, зорлық-зомбылығы тек айдалған, атылған ұлтшыл атанған қайраткерлердің ғана басына түскен трагедия болмай, ұлт мүддесін жақтаған барлық жазушылардың, зиялылардың, барлық адал адамдардың жолын кесіп, еркіндігін шектеді, рухани азапқа салды. Бірақ ресми саясаттың астарын, түпкі

мақсатын тереңдеп түсіну үшін ұзақ, қиын күрес жолынан, қоғамдық күрестің бұралаң, тар жол тайғақ кешуінен өту керек болатын.

Кенес дәуірі әдебиетінің соқтықпалы-соқпақсыз жолында өз сүрііеуін қалыптастыра жүріп, талмай еңбек етудің арқасында даңғыл да сара жолын салған Сәбит Мұқановтың шығармашылық өмір жолы азаптан да, ләззаттан да кенде болған жоқ.

Ізденіс жолын жаңа бастаған кезінде Сәбит Мұқанов «Сұлушашты» жазып, еркін махаббатты кастерлесе, енді бірде Маяковскийше өктем сөйлеп, шарқ ұрып дабыл қақты. Хапық өмірін терең толғап шыншылдықпен баяндау үшін қазақ көркем прозасын өркендетуге құлшына кірісіп, Максим Горькийше жазуға да ұмтылды. Шолоховпен де өнер өлшесті. Алайда Сәкен мен Ілиястың, Бейімбеттің өнегесін көрген, өзімен қатарлас Мұхтардың, Ғабит пен Ғабиден секілді жазушылардың өнердегі ізденістерін, жетістіктерін бағалай білген, өзі де көп ойланып, көп толғанған Сәбит Мұқанов өмірде өз жолын табу керектігін түсінді. Маяковскийше де, ешкімше де сөйлемей, өз үнімен, өз дауысымен танылды. Нағыз қазақ ақыны, халық жазушысы, кәдімгі Сәбит Мұқанов болып, халықтың жүрегіне жол тапты. Сонысымен элемге де әйгілі болды. Жүз жылдық мерекесі аталып, кең көлемде тойланғанына да оншақты жыл болған Сәбит Мұқановпен бүгінгі оқырмандардың арасын тұтас бір ғасыр, бір дәуір бөліп тұрғандай. Әрине уақыттың жалғастығы да бар. Сәбеңмен кешегі күндері ілесе қатарлас жүрген, ол кісіні жан-жақты танып-білген адамдардың өздері бүгінде мзуелі қарттық кезеңіне молынан еніп отырған жайлары бар. Олардың арасында «Сұлушашты», қайта жазылып «Мөлдір махаббат» аталған «Адасқандарды», кейін «Ботагөз» аталған «Жұмбақ жалауды», «Менің мектептерімді» қадағалап, қайталап оқымаған қазақ кездеспейді. Сәбит Мұқановты білмейтін адам ол кезде тіпті қырғызда да, өзбекте де, татарда да іздесе табылмайтын, орыста да, шет елдерде де ондай адам аз болатын. Өйткені Сәбит Мұқанов шығармалары 30-жылдардың ортасынан бастап ондаған тілдерге аударылғаны белгілі. Одан бергі кенес дәуірінде туылып, сол дәуірдің аздап болса да «дәмін татқан», бірақ саналы өмірін тәуелсіздік кезеңде әткеріп жатқан, Сәбеңнің көзін көрмеген, бірақ атақ-даңқына, шығармашылығына қанық қазақтың бір буыны біз боламыз. Бізден ары қарай тәуелсіздік туының астында дүниеге келген, С.Мұқанов есімімен тарих бетірінен ғана таныса алатын ұрпақ өсіп келеді.

Қазақ әдебиетінің тарихында ең бір шоқтығы биік, белесі мол кезең-кенес дәуірі әдебиеті болса, осы кеңес дәуірі әдебиетінің айтулы тұлғасының шығармашылығын кейінгі ұрпақ білуі және осы шығармашылық арқылы сол дәуірдің үнін естіп, сол кезеңді тануы тиіс.

Енді қазақ елі егемендік алған кезде, қазақ тілі мемлекеттік тіл болған шақта Сәбит Мұқанов шығармалары халық игілігіне қызмет етуі қажет екені айтпай-ақ түсінікті.

Дәл қазіргі күндері туған әдебиетіміз жаңадан табылған дерек құжаттармен толығып, қалыңдап келе жатыр. Жекелеген авторлардың зерттеу еңбектерін былай қойғанда, «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті»

(1997), «40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998), «Қазақ әдебиеті» (энциклопедия) (1999), «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (2 кітап, 2002), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Кенес дәуірі 1917-1940, 1941-1956) (2004), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған. Он томдық, 2004-2008) секілді қомақты, әдеби мұрамызды жаңаша бажайлайтын ұжымдық еңбектер жазылып, күні кешегі қазақ әдебиетінің тарихы бойынша (ежелгі дәуір, хандық дәуір, XIX ғасыр, XX ғасырдың бас кезі т.б.) жазылған оқулықтарды одан әрі толықтырып, әдебиет ақтаңдақтарының беттері азаю үстінде. Оған қоса шығып жатқан басқа да эр алуан зерттеулер, монографиялар, конференция материалдары да әдебиет тарихына деген жаңа көзқарасты қалыптастыруға өз септігін тигізуде.

Қандай да бір ақын-жазушының болмасын шығармашылығын зерттеуге арналған еңбекітердің аздығы, немесе көптігі оның шығармаларының санына да аз тәуелді болмаса керек. Артына қалдырған аз ғана өшпес туындыларымен-ақ, есімі мәңгілікке әдебиет тарихынан орын алған тұлғалар да аз емес. Ал, С.Мұқановтың «бір кітапхана» боларлық мол туындысын зерттеуге аз тер төгіліп, аз өмір арналған жоқ. Қаламгердің көзі тірісінде басталған сыни-зерттеу еңбектері жаңа ғасыр сүрлеуінде де толас табар емес. Егер Сәбең қазақ әдебиеті тарихы үшін «көлденең көк аттының» бірі болса, оның шығармашылығын зерттеуге мыңдаған еңбектер арналып, Сәбең өмірі мен шығармашылығын зерттеу нысаны етіп алған жүздеген адамдар сол жолда саналы өмірлерін сарп етпес еді.

Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Сәбит Мұқановтың туындылары туралы отызыншы жылдардан бастап-ақ жан-жақты жазылып, шығармашылығына кеңес үкіметі тұсында да көлемді еңбектер арналды. Мысалы, ұсақтарын былай қойғанда, тәуелсіздікке дейін жазылған, сол кездегі – заман талабымен тануға тырысқан дүниелерден Т.Бейісовтің С.Мұқанов шығармаларындағы М.Горький дәстүрі» атты зерттеу еңбегін (1952), А.Нұркатовтың «С.Мұқановтың шығармашылық жолын» (1956), Т.Нұртазиннің «Жазушы және өмір» атты ғылыми монографиясын (Алматы, 1960), І.Ескожиннің «С.Мұқанов - публицист» (Алматы: Қазақстан, 1978), М.Хасеновтің «С.Мұқанов және фольклор» атты зерттеу еңбектерін (Алматы: Ғылым, 1980) және т.б. ерекше атауға болады.

Бүгінде қарымды қаламгердің әдеби мұрасын түрлі қырынан қазіргі заман тұрғысынан зерттеу нысанына айналдырған диссертациялық жұмыстардың өзі де біршама. Мысалы, атап айтсақ, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған зерттеу еңбектері: профессор Р.Тұрысбектің 1990 жылы қорғалған «С.Мұқановтың жиырмасыншы жылдардағы прозасы», 1991 жылы қорғалған профессор Қ.Ергөбектің «С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романының творчестволық тарихы», 1994 жылы қорғалған С.Мақыровтың «С.Мұқановтың «Ботагөз» романының шығармашылық тарихы», 1995 жылы

қорғалған С.Тайманованың «С.Мұқанов - әдебиет зерттеушісі», 2000 жылы қорғалған Қ.Байтанасованың «С.Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр», 2000 жылы қорғалған Р. Каж иакбарованың «С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» романының шығармашылық тарихы», 2002 жылы қорғалған Н.Исмагулованың «С.Мұқанов және абайтану», 2002 жылы қорғалған Н.Нәсиеваның «С.Мұқановтың драмалық шығармаларындағы мінез бен тартыс», 2009 жылы қорғалған Р.Б.Сұлтанғалиеваның «С.Мұқанов романдарындағы диалог қолдану ерекшелігі («Ботагөз», «Сырдария», «Аққан жұлдыз» романдары бойынша)», Л.У.Әбеневаның 2010 жылы қорғалған «С.Мұқанов поэмаларының тақырыптық және жанрлық ерекшеліктері» атты диссертациялары; филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазылған зерттеу еңбегі: аса көрнекті сәбиттанушы ғалымдар Қ.Ергөбектің 2000 жылы қорғалған «С.Мұқановтың творчестволық лабораториясы». атты диссертациясы.

Жоғарыда аталған диссертациялық жұмыстардан басқа сәбиттану ғылымындағы аса маңызды тараулардың авторы болып табылатын филология ғылымдарының докторы, профессор, біртуар ғалымдарымыздың бірі - Тұрсынбек Кәкішұлының сәбиттану саласындағы еңбектері мен ерліктері өз алдына жеке әңгімеге жүк боларлық дүние. Т.Кәкішев сындарлы заманның түрлі тәлкегіне түскен Сәбең есімін талай жаладан арашалап, нақты айғақтарды сәйлету арқылы толассыз дақырттарға тосқауыл беру мақсатында жазылған сыни мақалаларымен сәбиттану іліміне жаңа бір дем берсе, «Сәбең өткелдері» (Алматы: Қазақпарат, 2000) және жұбайы - ғалым К.Ахметпен қосылып жазған «С.Мұқанов» есімді ірі зерттеу еңбектері арқылы сәбиттану ілімін жаңа бір белеске көтеріп тастады. Өзінің әдеби үдеріске келуіне ерекше ықпал еткен Б.Кеңжебаев, Т.Кәкішев сынды үлкен жүректі ұстаздарын өкшелей келе жатқан «әдебиетке шыншылдығымен, ғылымға адалдығымен, табандылығымен танылған» ғалым Қ.Ергөбектің де ширек ғасырдан артық өмірін Сәбең шығармашылығын зерттеуге арнап келе жатқанын ерекше атауымыз керек. Оның «Жан жылуы» /1981/, «Сәбит Мұқанов» /1989/, «Жақсыдан қалған сөз» /1991/, «Баянғұмыр» /1991/, «Сәбит Мұқанов» /1999/ «Жазушы шеберханасы» /2002/ аталатын сын-зерттеу, монографиялық еңбектері С.Мұқановтың шығармашылық тағдырына бағышталған. Еұп ғалымдардың сәбиттану ғылымындағы орны бір төбе екенін мойындай отырып, қазіргі әдебиеттану ғылымында Сәбең шығармашылығына қалам тартпаған көрнекті тұлғаларымыз кем де кем екенін баса айтқымыз келеді. Сәбиттанудың жаңа да жарқын парактарының жазылуына академик-жазушының 100 жылдық мерейтойының жоғары деңгейде аталып өтуі де зор эсер-ықпалын тигізді. Жаңа ғасыр табалдырығында тұрған кезде Алматыда, Астанада, Бішкекте, Петропавлда, т.б. қалаларда өткен ғылыми-теориялық конференцияларда әлденеше ондаған баяндамашылар Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылық жолын әр қырынан келіп сараптан өткізді, талдау жасады, ғылыми бағалады. ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен жазушының осы жүз жылдық мерейтойын былай қойғанда, сексен, тоқсан жылдық

мерейтойлары қарсаңында жарық көрген жинақтар мен ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылған ұжымдық еңбектердегі көрнекті тұлғаларымыздың Сәбең туралы түрлі естеліктері мен зерттеулері де алуан қырлылығымен құнды. Атап айтсақ, қаламгердің сексен жылдық мерейтойына арналып С.Шаймерденов пен Қ.Ергөбектің құрастыруымен жарық көрген «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» есімді естеліктер кітабы (1984), Н.Мұқанова мен Қ.Раевтың құрастыруымен тоқсан жылдық мерейтойына арналып шығарылған «Сәбит Мұқанов тағлымы» жинағы (1990), жүз жылдық мерейтойына арналып «С.Мұқанов - қазақ әдебиетінің классигі» деген тақырыпта өткізілген халықаралық ғылыми конференция материалдарының «С.Мұқанов және қазақ әдебиеті» (2000) атты жинағы, Г.Жетпісқызы құрастырып, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойларына арнап шығарылған «Өмірбаяндық өрнектер» есімді жинақ (2002) және т.б.

Қазақ әдебиетінің тарихында ең бір шоқтығы биік, белесі мол кезең - кеңес дәуірі әдебиеті болса, осы кеңес дәуірі әдебиетінің айтулы тұлғаларының шығармаларын өткен дәуір әдебиет тарихы қайта жазылып жатқан қазіргі заманда саралап, бүгінгі көркемдік таным тұрғысынан қайта талдап, сәбиттану ғылымының даму эволюциясын айқындап, ой елегінен өткізудің үлкен маңызы бар. С.Мұқанов шығармалары - кеңес дәуірі оқырмандарына ғана емес, тәуелсіз ел ұландарына да рухани тұрғыдан азық бола аларлықтай көркемдік шеберлік деңгейінде жазылған дүниелер. Қазіргі кезде қаламгердің, әсіресе, қайраткерлігі туралы көп жазылды және әңгіме барысында кейбір туындылары да сөз болып отырды. Бұған себеп-сындарлы уақытта тағдыр тәлкегіне ұшыраған қаламгердің ең алдымен, жеке басын дау-шардан арашалап алу мақсаты тұрды да, көптеген еңбектер С.Мұқановтың қайраткерлік болмысын қарастыруға арналды. Ал нақты шығармашылығына, артында қалдырған әдеби-ғылыми мұрасына келетін болсақ, жазушының шығармашылық шеберханасы мен жекелеген дүниелерін сөз ететін зерттеулер жазылғанымен, шығармашылық өмірбаяны тұтастай жүйелі түрде қарастырылмады және уақыты да жете қоймаған еді.

Рухани мұраны қайта бағалау - замана талабы екендігін, ұлы жазушымыз М.Әуезовтің шығармашылығы кезінде сөз болғанына қарамай, 2000 жылы Т.Қ.Жұртбай қаламымен «М.Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі» атты зерттеу еңбегі болып қайта жазылғандығын ескерсек, қазақтың кеңес әдебиетіне әуел бастан араласқан және сол әдебиеттің іргетасын қаласып, негізін салысқан аға буын ретінде «алыптар тобы», қазақтың кеңестік әдебиетінің классиктері атанғандардың бірі - С.Мұқановтың да шығармашылық өмір жолын қайта бағдарлайтын сәттің жеткенін байқаймыз. Олай болса, белгілі ақын, жазушы, драматург, публицист, ғалым, қоғам қайраткері С.Мұқановтың рухани және материалдық

құндылықтар құруға бағытталған қызметінің нәтижесінде пайда болған мәдени мұрасы хронологиялықтәртіппен баяндалып, көркемдік шеберліктері қазіргі көзқараспен өріле сөз болып, шығармашылық өмір жолы сыни талдау тұрғысынан әңгімеленуі керек.

1. Т.Кәкішев «Сәбең өткелдері». Алматы: Қазақпарат, 2000.
2. Т.Кәкішев, К.Ахмет «С.Мұқанов». Алматы: Арда, 2005.
3. Қ.Ергөбек «Жазушы шеберханасы». Алматы: Қазақпарат 2002.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

**Рецензент: д.филс. н., профессор Исаев К.И.**